

1997 жылғы 4 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенінің аумағында құқық тәртібін қамтамасыз етуде құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылы туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама жасасу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 қазандағы N 1036 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 30 қыркүйектегі N 951 қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 30 қыркүйектегі N 951 қаулысымен.

2004 жылғы 9 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" кешенінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету мәселелері бойынша ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы меморандумның 1-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған 1997 жылғы 4 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенінің аумағында құқық тәртібін қамтамасыз етуде құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылы туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрі Зағипа Яхияқызы Балиеваға қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан 1997 жылғы 4 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенінің аумағында құқық тәртібін қамтамасыз етуде құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылы туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама жасасуға өкілеттік берілсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.20. N 482 қаулысымен.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

1997 жылғы 4 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенінің аумағында құқық тәртібін қамтамасыз етуде құқық қорғау

органдарының өзара іс-қимылы туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама

1997 жылғы 4 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенінің аумағында құқық тәртібін қамтамасыз етуде құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылы туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) Тараптары болып табылатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі,

1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалға беру шартының ережелерін басшылыққа ала отырып,

Қазақстан Республикасы азаматтарының конституциялық құқықтарын Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына сәйкес оның құзыретті органдары қамтамасыз етуі тиіс екендігін мойындай отырып,

Тараптар мемлекеттерінің мүдделерін өзара құрметтеу қағидатын негізге ала отырып,

"Байқоңыр" кешенінің аумағында Тараптар мемлекеттерінің құқық қорғау органдары өзара іс-қимылының құқықтық негізін жетілдіруді қалай отырып, мына төмендегілер туралы келісті:

1. Келісімнің 1-бабы мынадай редакцияда жазылсын:
" 1 - б а п

Осы Келісімде пайдаланылған ұғымдардың мынадай мәндері бар:

"Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары" - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жедел-ізвестіру қызметін және қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын құзыретті органдар;

"Ресей Федерациясының құқық қорғау органдары" - Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес жедел-ізвестіру қызметін және қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын құзыретті органдар;

"Қазақстан Республикасының заң құзырындағы адамдар" - Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тіркелген үшінші мемлекеттердің азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар;

"Ресей Федерациясының заң құзырындағы адамдар" - Ресей Федерациясының азаматтары, Ресей Федерациясында және/немесе "Байқоңыр" кешенінде тіркелген үшінші мемлекеттердің азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар және "Байқоңыр" кешені аумағындағы өзге де адамдар."

2. Келісімнің 4-бабының 2-тармағындағы және 6-бабы 1-тармағының екінші сөйлеміндегі "Мемлекеттік тергеу комитетінің және Ішкі істер министрлігінің" деген сөздер "құқық қорғау органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. Келісімнің 5-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

" 5 - б а п

1. "Байқоңыр" кешені аумағында жасалған құқық бұзушылықтар туралы істер мен материалдарды, егер осы Келісімде өзгеше көзделмесе, Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес Ресей Федерациясының құқық қорғау органдары қарайды.

"Байқоңыр" кешені аумағында қылмысты Қазақстан Республикасының заң құзырындағы адамдар жасаған жағдайларда Ресей Федерациясының құқық қорғау органдары шұғыл әрекеттер жүргізгеннен кейін істер мен материалдарды, сондай-ақ тиісті адамдарды Тараптар мемлекеттерінің "Байқоңыр" кешені аумағындағы прокуратура органдары арқылы Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарына береді.

2. Қазақстан Республикасының заң құзырындағы адамдар "Байқоңыр" кешені аумағында "Байқоңыр" ғарыш айлағының жердегі ғарыштық инфрақұрылымы объектілерінің жұмыс істеуіне байланысты қылмыстарды жасаған жағдайларда Ресей Федерациясының құқық қорғау органдары кейіннен айып тағылғанға дейін қозғалған қылмыстық істерді, сондай-ақ оларға қатысты аталған қылмыстық істер қозғалған адамдарды Тараптар мемлекеттерінің "Байқоңыр" кешені аумағындағы прокуратура органдары арқылы қылмыстық қудалауды жалғастыру үшін Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарына бере отырып алдына ала тергеуді жүргізеді.

3. "Байқоңыр" кешені аумағында бір мемлекеттің заң құзырындағы адамдар екінші мемлекеттің конституциялық құрылысы негіздері мен қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар жасаған жағдайларда екінші Тарап мемлекетінің заңнамасы қолданылады және құзыретті органдары әрекет етеді."

4. Келісімнің 6-бабының 2-тармағы мынадай редакциядағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының заң құзырына жататын істер бойынша жедел-ізвестіру шараларын, іс жүргізу және өзге де әрекеттерді "Байқоңыр" кешені аумағында Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының сұратуы бойынша Ресей федерациясының құқық қорғау органдары, не Ресей Федерациясының құқық қорғау органдарымен келісім бойынша Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары жүргізеді."

5. Келісімнің 7-бабының 1-тармағында "Байқоңыр" кешені аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын Ресей Федерациясының азаматтары, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар" деген сөздер "Ресей Федерациясының заң құзырындағы адамдар" деген сөздермен ауыстырылсын.

6. Келісімнің 7-бабының 2-тармағында "Қазақстан Республикасының азаматтары" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заң құзырындағы адамдар" деген сөздермен ауыстырылсын.

7. Келісімнің 10-бабы мынадай мазмұндағы 2 және 3-тармақтармен толықтырылсын:

"2. "Байқоңыр" кешенінде жасаған қылмыстары үшін Ресей Федерациясының соты бас бостандығынан айыруға соттаған және Ресей Федерациясында жазасын одан әрі өтеу үшін жіберілген Ресей Федерациясының заң құзырындағы адамдар, сондай-ақ Ресей Федерациясының аумағында іс жүргізу әрекеттерін жүргізу үшін жіберілетін күдіктілер мен айыпталушылар осы санаттағы адамдарды беру және табыстаудың белгіленген ережесі сақталмастан Қазақстан Республикасының аумағы арқылы этаппен жүргізіледі.

3. Осы баптың 1 және 2-тармағында көрсетілген іс-әрекеттерді орындауға арналған құжаттарды Ресей Федерациясының "Байқоңыр" кешені аумағында орналасқан ішкі істер органдары Қазақстан Республикасының Бас прокуроры белгілейтін уәкілетті прокурордың келісімі бойынша тікелей Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің тиісті бөлімшесіне жібереді."

8. Келісімнің 10-бабының 2-тармағы тиісінше 4-тармақ болып саналсын.

9. Келісімнің 11-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

" 1 1 - б а п

1. Әкімшілік құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жазаларды орындау осы Келісімнің 12-бабының 2-тармағына сәйкес олар бойынша функцияларды Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Өкілдігі жүзеге асыратын әкімшілік құқық бұзушылықтарды қоспағанда, Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Ресей Федерациясының заң құзырындағы адамдар Ресей Федерациясының аумағында жазасын өтейді.

Қазақстан Республикасының заң құзырындағы адамдар Қазақстан Республикасының аумағында жазасын өтейді."

10. Келісімнің 12-бабы 1-тармағының екінші абзацы алынып тасталсын.

11. Келісімнің 12-бабы мынадай редакциядағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Тараптар мемлекеттерінің құқық қорғау органдары осы бапта көрсетілген берілген және күші жойылған лицензиялар мен рұқсаттар туралы мәліметтермен алмасуды жүзеге асырады."

Осы Хаттама Келісімінің ажырамас бөлігі болып табылады және Келісімнің 15-бабында көзделген тәртіппен күшіне енеді.

2004 жылғы "___" _____ каласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдеріндегі екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Ресей Федерациясының

Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК